

Хаттама № 1

А.С.Пушкин атындағы орта мектеп

08 қаңтар 2021 жыл

Қатысқаны- 9

Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде:

1. 2021 жылға арналған қамқоршылық кеңесін құру нұсқаулығымен таныстыру, қамқоршылық кеңестің төрағасы мен мүшелерін сайлау.
2. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту барысы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Е.Алмышев

Тыңдалды: Алмышев Е.-кеңес төрағасы

А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 22 қазандағы №501 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сүйене отырып, Қамқоршылық кеңес мүшелері сайланды. Кеңес мүшелерінің саны -9. Кеңес мүшелері кеңес жұмысының мақсаттары мен міндеттерін басшылыққа ала отырып жұмысын жасап жатыр. Өткен оқу жылында көптеген жұмыстар жасалды.

Биылғы оқу жылында кеңестің жұмыс жоспары құрылды, осы жоспар бойынша жұмыстар жүргіземіз. Жоспарды таныстырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Қ.Нұғыман

Мектебімізде биылғы оқу жылында да оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылып, оқушыларды ыстық тамақпен қамту жоспары жасалынды. Жоспар бойынша жыл басында жағдайы төмен, көп балалы, толық емес отбасы оқушыларының тізімі жасалынды.

Оқу жылының басында жағдайы төмен, тұлдыр жетім, аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасынан материалдық-тұрмыстық жағдайын зерделеу барысында оқушылар анықталды. «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» үшін құжаттар қабылдау мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес құжаттар дайындалды.

Сөйлегендер:

Тапаева Лимаш-зейнеткер

Бүгінгі күн тәртібіндегі қойылған мәселелердің барлығы өзекті, маңызды. Бірінші мәселе бойынша айтар болсам, қамқоршылық кеңес жоспарында қамтылған барлық мәселелерге келісемін. Бәрі де орынды мәселелер. Барлық кеңес мүшелелерін бірлесе, ұйымшылдықпен жұмыс жасауға шақырамын. Екінші мәселе бойынша әлеуметтік жағдайына қарап оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы орынды.

Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе шешім етеді:


1. Кеңестің жұмыс жоспары талқыланып, бекіту кеңес мүшелеріне міндеттелсін.
2. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, ыстық тамақпен қамту әлеуметтік педагог Қ.Нұғыманға міндеттелсін.

Кеңес төрағасы:



Е.Алмышев

Кеңес хатшысы:



Г.Табанова

Хаттама № 2

А.С.Пушкин атындағы орта мектеп

14 мамыр 2021 жыл

Қатысқаны- 9

Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде:

1. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары
2. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ДТДЖО М.Төлеш

Қазіргі таңда ауасын жұтып, суын ішіп отырған Табиғат ананы қорғап, аялау барша жұрт үшін тіршілік қамы, табиғат қажеттілігі. Жас ұрпақты өзі мекен еткен табиғи ортаның әсемдігін сезінуге, тазалығын сақтауға, қоршаған ортаға мейірімділікпен, жанашырлықпен қамқор болуға мектеп ауласын, сынып бөлмелерін көгалдандыру арқылы өсімдік әлеміне жауапкершілігін, қызығушылықтарын арттырып, айналамызды гүлдендіріп таза ұстау керек. Ауланы тек безендіріп қана қоймай, оқушылар қстаздарының жетекшілігімен әр түрлі гүлдер өсіріліп, қадағаланып отырады. Мектеп мұғалімдері көгалдандыру жұмыстарына қатысып, балаларға өзі үлгі болып жол бастап отыру керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша айтар болсам, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жазғы каникул балалардың жылдың бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Сондықтан жаз балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға олардың жеке басына тән байланыстарын дамытуға, ойын-сауық, бойында жиналып қалған шиеленістен арылу, жұмсалған күшінің орнын толтыру, денсаулығын нығайту кезеңі. Жаз балаларға өзінің сан түрлі талантын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Балалар жақсылап тыныққысы келеді, ал ата-аналар алдында ұзақ оқудан, қиын емтиханнан шаршаған баласының демалысын қалай ұйымдастыру керек деген дәстүрлі сұрақ көлденеңдейді?

Осы мақсатта біздің мектеп жанындағы тынығу лагерін ұйымдастыруға арналған қызықты жоспарымыз дайындалып жатыр.

Сөйлегендер:

Жалғасова Қалдыбике-кеңес мүшесі

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе мектеп ауласын абаттандыру бойынша мектеп іші мен ауласын көгалдандырып, гүл мәдениетін дамыту арқылы оқушыларды табиғатты аялауға, қастерлеуге үйретіп, жауапкершілікті қалыптастыру керек.

Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе шешім етеді:


1. Мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстарының барысын үнемі назарда ұстау М.Төлешке міндеттелсін.
2. Жазғы демалысты ұйымдастыру барысында шаралар өткізілсін және қала сыртындағы тынығу лагеріне баратын оқушылардың құжаттарын дайындау мектеп әкімшілігіне тапсырылсын.

Кеңес төрағасы:



Е.Алмышев

Кеңес хатшысы:



Г.Табанова

Хаттама № 3

А.С.Пушкин атындағы орта мектеп

03қыркүйек 2021 жыл

Қатысқаны- 9

Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде:

1. Оқу сабақтарының кестесін бекіту
2. Отбасылық жағдайы төмен жанұяның балаларының үй тұрмысымен танысу

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ДОЖО Тоқаева Ж

Жаңа оқу жылына арналған санитарлық нормалар сақталып бастауыш, орта және жоғары сыныптардың оқу кестесі құрылды. Сонымен қатар қосымша сабақтар кестесі де құрылды. Мектепте оқушылардың білім сапасын арттыру, білім сапасын бағалау тобының жоспарлары жасалынды. Дарынды оқушылармен жұмыс жоспары да құрылды және де оқушыларды тестілеуге даярлау үшін қосымша сабақтар тарих, қазақ тілі, физика, математика, химия, биология пәндерінің мұғалімдері оқушылардың оқу сауаттылығы мен логикасын дамытуға бағытталған мәтіндер, тапсырмалар дайындап жатыр.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Қ.Нұғыман

Қазіргі таңда мектепте көп балалы, отбасында тәрбиеленіп жатқан балалар, аз қамтылған отбасы балалары, толық емес отбасы балалары, тұлдыр жетім оқушылар бар. Осы оқушылардың үй тұрмысымен танысу мақсатында үйлерін аралап, материалдық жағдайы қаралды. Жеке бөлмесінің жасақталуы, тазалығы, заң жүзінде қамқоршысымен тұратындығы үнемі бақылауда. Әр түрлі қайырымдылық акциялары кезінде бұл оқушыларға қаржылай және оқу құралдарымен көмек беріліп тұрады және мектепте ыстық тамақпен қамтылған.

Жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе қаулы етеді:


1. Бастауыш, орта, жоғары сыныптардың оқу сабақтарының кестесі бекітілсін.
2. Жетім, жартылай жетім және отбасылық жағдайы төмен, аз қамтылған жанұяның балаларының үй тұрмысымен танысу үнемі назарда ұстап, байланыс жасап отыру әлеуметтік педагог Қ.Нұғыманға міндеттелсін.

Кенес төрағасы:



Е.Алмышев

Кенес хатшысы:



Г.Табанова

Хаттама № 4

А.С.Пушкин атындағы орта мектеп

24 желтоқсан 2021 жыл

Қатысқаны- 9

Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде:

1. Мектепшілік дәстүрлі мерекелік іс-шараларды , спорттық іс-шараларды ұйымдастыруда көмек көрсету
2. Өрт қауіпсіздігін сақтау шаралары

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы - Алмышев Еркос

Мектепшілік дәстүрлі мерекелік іс-шараларды, спорттық іс-шараларды ұйымдастыруда көмек көрсету кеңестің негізгі қызметтерінің бірі болып табылады. Педагогикалық ұжыммен біріге отырып, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, мерекелік іс-шараларға атсалысу, спорттық шараларды ұйымдастыруда көмек көрсетуді жыл бойғы жұмыс жоспарында ескеруді ұсынамын. Осыған байланысты пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңызды қосуларыңыз сұралады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша шаруашылық меңгерушісі Шаршыбаев С

Өрт- бұл адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіретін , қоршаған ортадағы заттардың бақылаусыз жануы. Күнделікті өмірде адам баласын қоршаған қауіп-қатер аз емес. Соның ішінде , ең күрделі –өрт.

Өрт –аса қатыгез, ол ешкімді аямайды. Ең бастысы, өрттің туындауына жол бермеген жөн.

Құрметті кеңес мүшелері, өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды өтінемін.Өрттен сақ болыңыздар!

Сөйлегендер:

Нұрқаева Аяжан-мүшесі

Кәмелетке толмағандардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру және олардың бей-берекет жұрмеулері үшін мақсатты жұмыстар жүзеге асыруды ұсынамын. Оқушылардың мәдени көпшілік іс-шараларға қатысулары , спортпен шұғылданулары, әр алуан үйірмелер мен спорт секцияларына қатысулары бойынша бір жылға арналған жоспар құрылуы тиіс. Ол үшін үйірмелер мен секциялардың жетекшілерімен тығыз байланыс орнатып, жоспарлы жұмыстардың тиімді ұйымдастырылуына қамқоршылық кеңес ықпал етуі тиіс деп ойлаймын.Өртті болдырмау мақсатында ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек. Балаларға отты дұрыс пайдалану, сіріңкені балаларға қолжетімді жерде қалдырмау, балаларға пештерді , газ плиталарын жағуды тапсырмау, бүлдіршіндерді ересектердің қарауынсыз қалдырмау және өзіңізді , жақындарыңызды қорғап жүру керектігін қатаң ескерту керек!

Жоғарыдағы мәселелерді тыңдай келе талқылай келе шешім етеді:


1. Мектепшілік дәстүрлі мерекелік іс-шараларды , спорттық іс-шараларды ұйымдастыруда көмек көрсетіп, жоспарлы жұмыс жасау қамқоршылық кеңес мүшелеріне міндеттелсін.
2. Оқушыларға өрт қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау керектігін үнемі айтып түсіндірме жұмыстарын жүргізу шаруашылық меңгерушісі С.Шаршыбаевқа міндеттелсін .

Кеңес төрағасы:



Е.Алмышев

Кеңес хатшысы:



Г.Табанова